

Бұрындары “айта-айта Алтайды, Жамал апай картайды” дейтін едік, қазіргі таңда Сыр жұртшылығы “Кайсар-дын” сүренсіз ойынын айтып картайып жүр. Биыл ел бірін-ші-лігін асыға күткен жанкүйерлер қарасы көп еді. Себебі, Қызылорда хал-қын қос дүбірлі той күтіп тұр. Бірі – Сыр шаңарының 200 жылдығы болса, екіншісі – “Кайсардын” жартығасырлық мерейтойы. Командамыздың соңғы кездегі ойынына қарап, “қарғайын десем – жалғызым, қар-гамайын десем – жалмауызым” демес-ке шара жоқ. Облысымыздың нөмірі бірінші жанкүйері Қырымбек Елеуұлының жыл басында берген тапсырмасы орындалмақ түгілі, премьер-лигадағы орнымыздан айырылып қалмаймыз ба деген күдік басым қазір. Шынына келгенде, командамызға не жетпей жүргені түсініксіз? Озгелерде бар қаражат, бізде де бар.

Тіпті, клубтың биылғы бюджеті біраз командаларға қарағанда едәуір жақсы. Озгелерде бар “сен тұр, мен атайын” дейтін ойын-шылар “Кайсарда” да жетіп артылады. Озгелерде бар жанкүйерлер бізде де бар. Бір қуан-тарлығы, сырт алаңдағы ойындарды да қалт жібермейтін жан-күйерлер қарасы көбейіп келе-ді. Қарап отыр-саныз, бізде барлығы бар сияқты. Бірақ, бірнәрсе жетіспейді. Ол – команданы психологиялық тұрғыда дайындайтын жаттықтырушының жоқтығы. Болгар елінен ат терлетіп келген Стойчо Младеновке биыл жан-күйерлердің оқпесі қара қазандай. Қоғалдағы шаршы алаңда бөлдісіп болып, “жөнілгеннің сөзі құрысын” демекші, ойыннан сон сылтау іздейтінін айтсаңызшы? Бірде бие десе, бірде түйе деп, әйтеуір командамыздағы орнын сақтап қалуга бар күшін жұмсап жүр.

Құрметті “Кайсар” басшылығы! “Жұмыла көтерген жүк жөніл” демекші, сіз болып, біз болып, бұл маман-ды еліне дер кезінде қайтарған- дұрыс деп ойлаймын. Әйтпесе, Оғайдын (*экс-бапкер. – ред.*) кезіндегі сценарий айна қатесіз қайталанайын деп тұр. Әйтеуір, қолымызды мезгілінен кеш сермеп жүрмейік. Қыруар қаражатты арнайылап шетелден алдыр-ған жаттықтырушыларға бергенше, еліміздегі қол қажаты бар өз ісінің хас шеберлеріне шашқанымыз абзал. Себебі, олар ақшасын алған соң тайып тұрады. Ал, ең сонында қиналатын біз секілді жанкүйерлер ғана.

Самат БОТАЕВ,

жанкүйер